

"Қазақстан Республикасындағы кредиттік бюро және кредиттік тарихты қалыптастыру туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 31 желтоқсандағы N 1364 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Қазақстан Республикасындағы кредиттік бюро және кредиттік тарихты қалыптастыру туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Жоба

Қазақстан Республикасының Заңы

Қазақстан Республикасындағы кредиттік бюро және кредиттік тарихты қалыптастыру туралы

1-тарау. Жалпы ережелер

1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар

Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) кредиттік тарихтың деректер базасы - ақпараттық ресурс ретіндегі қалыптасуы мен жүргізілуін кредиттік бюро жүзеге асыратын кредиттік тарихтар жиынтығы;

2) кредиттік ақпарат беру және/немесе кредиттік есептерді алу туралы шарт - осы Заңда көзделген шарттарда және тәртіппен кредиттік бюро мен ақпарат жеткізуші а р а с ы н а ж а с а л а т ы н ш а р т ;

3) кредиттік ақпарат - кредиттік тарихты қалыптастыру жөніндегі қатынастарға қатысушылар беретін және қажет болған жағдайда Қазақстан Республикасының электрондық құжат және электрондық сандық қол қою туралы заңдарына сәйкес электрондық сандық қол қоюмен куәландырылатын электрондық және қағаз т а с ы м а л д а ғ ы ш т а р д а ғ ы м ә л і м е т т е р ;

4) кредиттік тарих - кредиттік тарих субъектісі туралы кредиттік ақпарат жиынтығы ;

5) кредиттік бюро - кредиттік тарихты қалыптастыруды, кредиттік есептер ұсынуды және өзге де қызмет көрсетуді жүзеге асыратын ұйым;

6) кредиттік есеп - кредиттік тарихтағы кредиттік ақпаратты толық немесе ішінара

б е р у

н ы с а н ы ;

- 7) кредиттік есепті алушы - кредиттік есепті алуға бар тұлға;
- 8) ақпарат жеткізуші - кредиттік бюроға кредиттік ақпарат беруші ұйым;
- 9) кредиттік есепті ұсыну - кредиттік тарихтағы ақпаратты беру (толық көлемде немесе ішінара) жөніндегі кредиттік бюроның қызметі;
- 10) жазбаша нұсқау - кредиттік бюроға немесе ақпарат жеткізушіге анықталған кемшіліктерді белгіленген мерзімде жоюға бағытталған орындалуы міндетті түзету шараларын қабылдау туралы нұсқау;
- 11) кредиттік тарих субъектісі - соған қатысты кредиттік тарих қалыптастырылатын жеке немесе заңды тұлға;
- 12) уәкілетті орган - қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалауды жүзеге асыратын мемлекеттік орган;
- 13) шартты және ықтимал міндеттемелер - орны жабылмаған аккредитивтер, шығарылған немесе расталған кепілдіктер мен кепілдемелер;
- 14) кредиттік тарихты қалыптастыру - осы Заңға сәйкес олар ақпарат жеткізушілерден алған ақпаратқа, оны сақтауға, мониторингіне, нақтылауға және жаңартуға қатысты кредиттік бюро жүзеге асыратын іс-қимыл немесе іс-қимылдар жиынтығы.

2-бап. Қазақстан Республикасының кредиттік бюро және кредиттік тарихты қалыптастыру туралы заңдары

1. Қазақстан Республикасының кредиттік бюро және кредиттік тарихты қалыптастыру туралы заңдары Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді және Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінен, осы Заңнан және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.

2. Осы Заңмен реттелген қатынастарды қоспағанда, кредиттік тарихты қалыптастыру және кредиттік есеп беру кезінде туындайтын, сондай-ақ кредиттік бюроның құрылуына, жұмыс істеуі мен қызметін тоқтатуына байланысты және Қазақстан Республикасының өзге де заң актілері қолданылатын салаға жататын қатынастар осы актілермен реттеледі.

3. Егер Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шартта осы Заңдағыдан өзге де ережелер белгіленсе, онда халықаралық шарттың ережелері қолданылады.

3-бап. Кредиттік ақпаратты қалыптастыру, пайдалану принциптері мен шарттары

1. Кредиттік ақпаратты қалыптастыру мен пайдалану мынадай принциптер ескеріле отырып жүзеге асырылады:

- 1) кредиттік тарих субъектісі келісімінің болуы;

- 2) барлық кредиттік тарих субъектілерінің теңдігі;
3) ақпаратты, кредиттік тарихтың деректер базасын және ақпараттық жүйені
мақсатты пайдалану;
4) ақпараттың құпиялылығы;
5) кредиттік тарихтың деректер базасын және тиісті ақпараттық жүйелерді
қорғауды қамтамасыз ету;
6) азаматтардың жеке өміріне араласпау, жеке және заңды тұлғалардың құқықтары
мен заңды мүдделерін, қоғамның және мемлекеттің мүдделерін қорғау.

2. Кредиттік бюроға кредиттік ақпарат ұсыну, кредиттік есептерді беру үшін негіздер кредиттік тарих субъектілерінің келісімі болып табылады.

3. Кредиттік тарихты қалыптастыру және/немесе кредиттік есепті беру үшін кредиттік бюроға ол туралы ақпарат ұсынуға кредиттік тарих субъектісі келісімінің шынайылығы үшін ақпарат жеткізушісі және/немесе кредиттік есепті ұсыну туралы сұрату берген кредиттік есепті алушы не олардың лауазымды тұлғалары жауапкершілік атқарады.

2-тарау. Кредиттік бюроның қызметі және кредиттік тарихты қалыптастыру саласында мемлекеттік реттеу, қадағалау мен бақылау

4-бап. Кредиттік бюроның қызметі және кредиттік тарихты қалыптастыру саласында реттеу, қадағалау мен бақылауды жүзеге асыратын мемлекеттік органдар

Кредиттік бюроның қызметі және кредиттік тарихты қалыптастыру саласында мемлекеттік реттеу мен қадағалауды уәкілетті орган жүзеге асырады.

Ақпараттандыру саласында мемлекеттік саясатты іске асыруды және мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын мемлекеттік орган осы Заңның ережелерін ескере отырып, кредиттік тарихты қалыптастыру жөніндегі кредиттік бюроның және ақпарат жеткізушілердің қызметіне, ақпараттандыру және электрондық құжат айналымы мәселелері бойынша бақылауды жүзеге асырады.

5-бап. Уәкілетті органның құзыреті

Уәкілетті органның құзыретіне:

1) кредиттік бюроның қызметі және кредиттік тарихты қалыптастыру саласында мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын іске асыру;

2) өз құзыреті шегінде нормативтік құқықтық актілерді, оның ішінде кредиттік тарихтың деректер базаларын сертификаттау, қалыптастыру мониторингі және осы базаларды құру үшін қажетті ақпараттық жүйелерді пайдалану жөніндегі қызметті

реттейтін, ақпараттандыру саласында мемлекеттік саясатты іске асыруды және мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын мемлекеттік органмен келісім бойынша нормативтік құқықтық актілерді қабылдау;

3) өз құзыреті шегінде ақпараттандыру саласында мемлекеттік саясатты іске асыруды және мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын мемлекеттік органмен және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ететін басқа да органдармен келісім бойынша белгіленген тәртіппен кредиттік тарихтың деректер базаларын орналастыру үшін пайдаланылатын ақпараттық жүйелерді және көрсетілген ақпараттық жүйелердің қорғау құралдарын қалыптастыру және пайдалану кезінде қолданылатын жабдықтың және бағдарламалық қамтамасыз етудің міндетті түрде сертификатталуына байланысты талаптарды кредиттік бюроның орындауын қамтамасыз ету бойынша шараларды жүзеге асыру;

4) кредиттік бюро үй-жайының және жабдығының негізгі қызметті бастауға техникалық дайындығын тексеру;

5) кредиттік бюро қызметін жүзеге асыру құқығына лицензиялар беру;

6) уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінде көзделген тәртіппен Қазақстан Республикасының кредиттік бюро және кредиттік тарихшы қалыптастыру туралы заңдарын сақтау мәселелері бойынша кредиттік бюроның, ақпарат жеткізушілердің қызметіне инспекциялау (тексеру) жүргізу;

7) кредиттік бюроларға, ақпарат жеткізушілерге Қазақстан Республикасының кредиттік бюро қызметі және кредиттік тарихты қалыптастыру туралы анықталған заң бұзушылықты жою жөнінде жазбаша ұйғарым жіберу;

8) кредиттік бюроға санкциялар қолдану;

9) кредиттік бюро қызметі және кредиттік тарихты қалыптастыру мәселелері бойынша жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау;

10) кредиттік бюроның қызметін тоқтату туралы шағым-талаппен сот органдарына жүгіну жөнінде осы Заңда көзделген негіз бойынша шешімдер қабылдау.

3-тарау. Кредиттік бюроны құру және қызметі

6-бап. Кредиттік бюро және оның құрылтайшылары

1. Кредиттік бюро акционерлік қоғам нысанында құрылатын және Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жұмыс істейтін коммерциялық ұйымдар болып табылады.

2. Қазақстан Республикасында заңды тұлғалар жөніндегі кредиттік бюро және жеке тұлғалар жөніндегі кредиттік бюро құрылады және жұмыс істейді.

3. Кредиттік бюро қызметін жүзеге асыру құқығына лицензияны уәкілетті орган береді.

4. Заңды тұлғалар жөніндегі мемлекеттік кредиттік бюроның құрылтайшысы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі болып табылады.

5. Кредиттік бюроны заңды және жеке тұлғалар құрады. Шешімдер қабылдаған кезде кредиттік бюро құрылтайшыларының (акционерлерінің) өздеріне тиесілі акциялар пакетінің мөлшеріне қарамастан, біреуден артық дауысы болмайды.

Кредиттік бюро құрылтайшылары (акционерлері) кредиттік бюродан кредиттік есепті алу кезінде қандай да бір артықшылықтарға ие болмайды.

7-бап. Кредиттік бюро жүзеге асыратын қызмет түрлері

1. Кредиттік бюро қызметінің негізгі түрлері кредиттік тарихты қалыптастыру және кредиттік есептер ұсыну болып табылады.

2 . К р е д и т т і к б ю р о :

1) кредиттік тарихты қалыптастыру жөніндегі қатынастарға қатысушылардың қызметін автоматтандыру үшін пайдаланылатын мамандандырылған бағдарламалық қамтамасыз етуді іске асыруды;

2) кредиттік бюроның қызметіне қатысты арнайы әдебиетті және өзге де ақпараттық материалдарды іске асыруды;

3) кредиттік тарихты қалыптастыру жөніндегі қатынастарға қатысушыларды ақпараттық қамтамасыз етуге байланысты консультациялық қызметтер көрсетуді;

4) өздері әзірлеген әдістеме негізінде жүзеге асырылатын кредиттік тарих субъектілерінің кредит қабілеттілігін бағалауды;

5) маркетингтік және статистикалық зерттеулерді қосымша жүзеге асыруға құқылы.

3. Кредиттік бюро осы бапта көзделмеген қызметтің өзге де түрлерін жүзеге асыруға құқылы емес.

8-бап. Кредиттік бюроға кредиттік тарихтың деректер базасын және пайдаланылатын ақпараттық жүйелерді қорғауға және сақталуын қамтамасыз етуге қойылатын талаптар

Кредиттік бюро өз қызметінде мынадай ұйымдастыру-техникалық шаралардың және технологиялық талаптардың орындалуын қамтамасыз етуге міндетті:

1) ақпараттық жүйелерді, кредиттік тарихтың деректер базасын және өзге де құжаттарды қауіпсіз орналастыру мен пайдалану үшін өзінің техникалық және өзге де үй - ж а й л а р ы н ы ң б о л у ы ;

2) кредиттік тарихтың деректер базасын және көрсетілген ақпараттық жүйелердің қорғау құралдарын орналастыру үшін ақпараттық жүйелерді қалыптастыру мен пайдалану кезінде сертификацияланған жабдықты және бағдарламалық қамтамасыз е т у д і қ о л д а н у ;

3) ақпарат жеткізушілермен және кредиттік есептерді алушылармен жасалатын шарттарға кредиттік тарихтың деректер базасын және пайдаланылатын ақпараттық жүйелерді қорғау жөнінде ұйымдастыру, техникалық және технологиялық шараларды міндетті бірлесіп іске асыру, сондай-ақ уәкілетті органның және ақпараттандыру саласында мемлекеттік саясатты іске асыруды және мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын мемлекеттік органның нормативтік құқықтық актілерінің талаптарын ескере отырып, осы Заңда айқындалған тұлғалардың ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету туралы шарттардың енгізілуін қамтамасыз ету;

4) уәкілетті органға және ақпараттандыру саласында мемлекеттік саясатты іске асыруды және мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын мемлекеттік органға пайдаланылатын ақпараттық жүйелердегі іркіліс фактілері, анықталған кемшіліктердің себептері және қабылданған шаралардың сипаты туралы уақтылы хабарлау.

9-бап. Лицензия беру

Кредиттік бюроның қызметін жүзеге асыру құқығына лицензия алу үшін лицензиат уәкілетті органға мынадай құжаттарды ұсынуы тиіс:

- 1) лицензия беру туралы өтініш;
- 2) мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің нотариат куәландырған көшірмесі;
- 3) мемлекеттік тіркеуден өткізілген құрылтай құжаттарының нотариат куәландырған көшірмелері;
- 4) кредиттік бюроның қызметін техникалық қамтамасыз етуге уәкілетті орган қоятын шарттарға лицензиаттың сәйкестігін растайтын құжаттар;
- 5) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген лицензиялық алымның төленгенін растайтын құжат.

10-бап. Кредиттік бюроның қызметін жүзеге асыру құқығына лицензия беруден бас тарту

Осы Заңның 9-бабында белгіленген талаптарды сақтамаған жағдайда не қызметтің осы түрімен айналысуға оған тыйым салатын соттың өтініш берушіге қатысты шешімі болған кезде кредиттік бюроның қызметін жүзеге асыру құқығына лицензия беруден бас тарту жүзеге асырылады.

11-бап. Жазбаша нұсқау және санкциялар

1. Кредиттік бюроның қызметі және кредиттік тарихты қалыптастыру туралы Қазақстан Республикасының заңдарын бұзған жағдайда уәкілетті орган кредиттік бюроға немесе ақпарат жеткізушіге анықталған жөнсіздіктерді жою туралы жазбаша нұсқау жіберуге құқылы.

2. Уәкілетті орган санкция ретінде мынадай шараларды қолдануға:

- 1) кредиттік бюро лицензиясының қолданылуын тоқтата тұруға;
- 2) заң актілеріне сәйкес кредиттік бюроның лицензиясын қайтарып алуға құқылы.

3. Уәкілетті орган кредиттік бюроның лицензиясын қайтарып алғаннан кейін он жұмыс күні ішінде заң актілерінде белгіленген тәртіппен кредиттік бюроның қызметін мәжбүрлеп тоқтату (тарату) туралы сотқа шағым-талаппен жүгінеді.

12-бап. Кредиттік бюро лицензиясының қолданылуын тоқтата тұру

1. Кредиттік бюро лицензиясының қолданылуы:

- 1) осы Заңның 8-бабында белгіленген талаптарды сақтамау;
- 2) лицензия беру үшін негіз болып табылатын құжаттарда шынайы емес ақпарат беру фактісінің анықталуы;

3) уәкілетті органның кредиттік бюроның қызметі және кредиттік тарихты қалыптастыру туралы Қазақстан Республикасының заңдарын бұзушылықтарды жою жөніндегі жазбаша нұсқауын орындамау негіздерінің біреуі бойынша алты айға дейінгі мерзімге тоқтатыла тұруы мүмкін.

2. Кредиттік бюро лицензиясының қолданылуын тоқтата тұру оның қызметін жүзеге асыруға тыйым салуға әкеп соғады.

3. Лицензияның қолданылуын тоқтата тұру туралы шешімде лицензияның қолданылуын тоқтата тұру негіздері және мерзімі көрсетілуге тиіс.

Мұндай шешім кредиттік бюроның атқарушы органына жіберілген күннен бастап лицензияның қолданылуы тоқтатылды деп саналады.

13-бап. Кредиттік бюроның лицензиясын қайтарып алу

Уәкілетті орган мынадай негіздердің бірі бойынша:

- 1) лицензияның қолданылуын тоқтата тұруға негіз болған себептерді белгіленген мерзімде жоймаса;
- 2) лицензияның қолданылуы соңғы он екі айдың ішінде бірнеше рет тоқтатылса;
- 3) жүзеге асыруға лицензиясы бар қызметтің түрімен айналысуға лицензиатқа сотпен тыйым салғанында;
- 4) лицензиат кәсіпкерлік қызметін тоқтатқанда;

5) лицензия алу кезінде лицензиат көрінеу жалған ақпарат бергенде кредиттік бюро лицензиясын қайтарып алу жөнінде шешім шығаруға құқылы.

Кредиттік бюроның лицензиясы заң актілеріне сәйкес қайтарып алынады.

14-бап. Кредиттік бюроны қайта ұйымдастыру және тарату

Кредиттік бюроны қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген тәртіппен жүзеге асырылады.

15-бап. Ішкі құжаттарды, ақпаратты сақтау және кредиттік тарихтың деректер базасын жою негіздері

1. Кредиттік бюроның қызметі туралы ішкі құжаттарды және кредиттік тарихтың деректер базасына енгізілетін ақпаратты сақтау тәртібін кредиттік бюро айқындайды.

2. Кредиттік бюроны қайта ұйымдастыру немесе тарату кезеңінде (қайта ұйымдастыру немесе тарату туралы шешім күшіне енген сәттен бастап) кредиттік тарихтың деректер базасы уәкілеттік органға беріледі.

Кредиттік бюроны қайта ұйымдастыру немесе тарату аяқталғаннан кейін оны кредиттік бюро ретіндегі қызметке уәкілеттік берілген таратылатын тұлғаларға немесе басқа заңды тұлғаларға берудің (иелігінен айырудың) заңды негіздері болмаған жағдайда уәкілетті орган кредиттік бюроның кредиттік тарихының деректер базасын ж о я д ы .

3. Кредиттік бюроның осы баптың 2-тармағында көзделген негіздер бойынша кредиттік тарихтың деректер базасын уәкілетті органға беру тәртібі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінде айқындалады.

4-тарау. Кредиттік тарихты қалыптастыру жөніндегі қатынастарға қатысушылардың құқықтары мен міндеттері

16-бап. Кредиттік бюроның құқықтары

К р е д и т т і к б ю р о :

1) кредиттік ақпарат беру және/немесе кредиттік есептерді алу туралы осы Заңда айқындалған тұлғалармен шарттар жасауға;

2) ақпарат жеткізушілерден кредиттік тарих субъектісінің ол туралы мәліметтерді кредиттік бюроға ұсынуға келісім беруді, сондай-ақ кредиттік тарих қалыптастырылатын толық әрі шынайы ақпарат беруді талап етуге;

3) Қазақстан Республикасының заңдарында айқындалған тәртіппен филиалдар мен ө к і л д і к т е р а ш у ғ а ;

4) осы Заңның 7-бабының 2-тармағында көзделген қызметті қосымша жүзеге а с ы р у ғ а ;

5) Қазақстан Республикасының заң актілерінде және осы Заңға сәйкес жасалған шарттарда көзделген өзге де құқықтарды иеленуге құқылы.

17-бап. Кредиттік бюроның міндеттері

К р е д и т т і к б ю р о :

- 1) кредиттік бюроға ол туралы мәліметтерді беруге кредиттік тарих субъектісі келісімінің ақпарат жеткізушілерде болуын тексеруге;
- 2) кредиттік тарихты қалыптастыруды жүзеге асыруға;
- 3) кредиттік тарих субъектісінің келісімі болған кезде кредиттік есептерді беруге;
- 4) осы Заңда көзделген жағдайларды қоспағанда, кредиттік тарихтардағы ақпаратты а ш у ғ а ж о л б е р м е у г е ;
- 5) кредиттік тарих субъектісіне кредиттік есептеп ақпаратпен негізді түрде келіспеген жағдайда түзетілген кредиттік есепті беруге;
- 6) кредиттік тарих субъектісіне кредиттік тарих субъектісі даулайтын ақпарат берген жеткізушінің мәліметін ұсынуға;
- 7) кредиттік есеп ұсыну туралы сұрату Қазақстан Республикасы заңдарының талаптарын бұзу арқылы жасалған болса, кредиттік есепті беруден бас тартуға;
- 8) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес өз қызметі туралы есеп жүргізуге ж ә н е е с е п б е р у г е ;
- 9) жеткізушіге шынайы емес ақпаратты түзеу туралы талаппен өтініш жасауға;
- 10) Қазақстан Республикасының ақпараттандыру туралы заңдарына және Қазақстан Республикасының кредиттік бюро мен кредиттік тарихты қалыптастыру туралы заңдарына сәйкес ақпараттық ресурстар мен ақпараттық жүйені пайдалануға;
- 11) ақпарат жеткізушіге ақпаратты жіберу шығындарын өтеуге және меншікті қаражаты есебінен кредиттік тарихтың деректер базасын қолдауға;
- 12) Қазақстан Республикасы заңдарының және/немесе кредиттік ақпарат беру және/немесе кредиттік есептерді алу туралы шарттың өзге де талаптарын сақтауға міндетті.

18-бап. Ақпарат жеткізушілер

1 . М ы н а л а р :

- 1) банктер және ломбардтар мен кредиттік серіктестіктерді қоспағанда, заем операцияларын жүргізуге лицензиясы бар банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар (бұдан әрі - банк операцияларының жекелеген түрлерін жү з е г е а с ы р а т ы н ұ й ы м д а р) ;
- 2) тауарлар мен қызмет көрсетулерді кредитке сататын не төлемдердің мерзімін ұзартатын заңды тұлға немесе жеке кәсіпкер;
- 3) жылжымайтын мүлікке және онымен жасалатын мәмілелерге құқықтар тіркеуді жүзеге асыратын мемлекеттік кәсіпорындар ақпарат жеткізушілер болып табылады.

19-бап. Ақпарат жеткізушінің құқықтары мен міндеттері

1 . А қ п а р а т ж е т к і з у ш і :

- 1) осы Заңға сәйкес берілетін ақпаратты пайдалануды кредиттік бюродан талап

е т у г е ;

2) Қазақстан Республикасының заң актілеріне және/немесе кредиттік ақпаратты беру және/немесе кредиттік есепті алу туралы шартқа сәйкес өзге де құқықтарды и е л е н у г е қ ұ қ ы л ы .

2. Осы Заңның 18-бабының 1) және 2) тармақтарында көрсетілген ақпарат ж е т к і з у ш і л е р :

1) кредиттік бюроға ол туралы мәліметтер беру үшін кредиттік тарих субъектісінің к е л і с і м і н а л у ғ а ;

2) уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінде және кредиттік ақпарат беру және/немесе кредиттік есептер алу туралы шарттарда көзделген талаптарда, көлемде және тәртіппен кредиттік бюроға ақпарат беруге;

3) кредиттік тарих субъектісінің талап етуі бойынша кредиттік бюроға берілген а қ п а р а т т ы н а қ т ы л а у ғ а ;

4) кредиттік бюроға кредиттік тарих субъектісі туралы бар мәліметтермен дәлме-дәл сәйкес ақпарат ұ с ы н у ғ а ;

5) Қазақстан Республикасының ақпараттандыру туралы заңдарына және Қазақстан Республикасының кредиттік бюро және кредиттік тарихты қалыптастыру туралы заңдарына сәйкес ақпараттық ресурстар мен ақпараттық жүйені пайдалануға;

6) өз қаражаты есебінен кредиттік ақпаратты алу және өңдеуді тиісті шарттармен қ а м т а м а с ы з е т у г е м і н д е т т і .

3. Осы Заңның 18-бабының 3) тармақшасында көрсетілген ақпарат жеткізушілер:

1) олар кредиттік ақпарат беру және/немесе кредиттік есептерді алу туралы шартты жасаған жағдайда өзге де ақпарат жеткізушілеріне қойылатын осы Заңның талаптарын с а қ т а у ғ а т и і с .

2) кредиттік бюроға кредиттік тарих субъектілері туралы оларда бар ақпаратты ақылы негізде ұсынады.

20-бап. Кредиттік есепті алушы

1. Кредиттік есепті алушылар:

1) банктер және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұ й ы м д а р ;

2) тауарлар мен қызмет көрсетулерді кредитке сататын не төлемдердің мерзімін ұзартатын заңды тұлға немесе жеке кәсіпкер;

3) кредиттік тарих субъектісі болып табылады.

Кредиттік ақпаратты басқа тұлғаларға беруге жол берілмейді.

2. Осы баптың 1-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көрсетілген тұлғалар

кредиттік ақпарат беру және/немесе кредиттік есептерді алу туралы шарттар жасағаннан кейін кредиттік есептерді алушылар ретінде кредиттік бюрода тіркелуге тиіс.

21-бап. Кредиттік есепті алушының құқықтары мен міндеттері

1. Кредиттік есепті алушы:

1) кредиттік есеп алуға;

2) Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес өзге де құқықтарды иеленуге құқылы.

2. Кредиттік тарих субъектісі бір күнтізбелік жыл ішінде өзі туралы бір кредиттік есепті тегін алуға құқылы.

3. Осы Заңның 20-бабының 1-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көрсетілген кредиттік есепті алушылар:

1) кредиттік бюроға ол туралы кредиттік есепті алуға кредиттік тарих субъектісінің келісімін ұсынуға;

2) уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде көзделген тәртіппен кредиттік есепті алушы ретінде тіркеу кезінде оларға берілген мәліметтердің өзгергені туралы хабарлауға;

3) кредиттік есепке қатысты құпиялылықты сақтауға және ондағы ақпаратты үшінші тұлғаларға жарияламауға;

4) кредиттік есептегі ақпаратты осы Заңның 26-бабында көзделген мақсаттарға ғана пайдалануға;

5) кредиттік тарих субъектісінің талабы бойынша оны кредиттік есептің мазмұнымен таныстыруға не кредиттік есепті алушының ішкі ережелеріне сәйкес оған кредиттік есептің көшірмесін беруге;

6) кредиттік бюроның кредиттік есеп беру бойынша қызмет көрсету үшін ақы төлеуге;

7) Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес өзге де міндеттерді атқаруға міндетті.

22-бап. Кредиттік тарих субъектісінің құқықтары

Кредиттік тарих субъектісі:

1) кредиттік тарихты қалыптастыру үшін ақпарат жеткізушіге кредиттік бюроға ол жайында мәліметтер беру туралы келісім беруге;

2) кредиттік есепті алушыға ол туралы кредиттік есеп алуға келісім беруге;

3) уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде көзделген тәртіппен кредиттік бюроға ол туралы ақпарат түскен сәттен бастап өзі туралы кредиттік есеп алуға;

4) кредит алуға оның өтінішін қараған кезде кредиттік есепті алушыдан кредиттік есеппен танысуға не кредиттік есепті алушының ішкі ережелеріне сәйкес кредиттік бюродан алушы алған кредиттік есептің көшірмесін беруді талап етуге;

5) осы Заңда көзделген тәртіппен кредиттік есептегі ақпаратпен, жеткізуші туралы ақпарат алу мүмкіндігімен келіспеушілікті мәлімдеуге;

6) алушыға берілген кредиттік есепте кредиттік бюро қызметкерлерінің әрекеті немесе әрекетсіздігі салдарынан жеткізушілер кредиттік бюроға берген ақпаратқа сәйкес келмейтін ақпарат бар болса, кредиттік бюродан түзетілген кредиттік есеп с ұ р а т у ғ а ;

7) шынайы емес ақпаратты түзету туралы талаппен жеткізушіге өтініш жасауға құқылы.

5-тарау. Кредиттік бюроға ақпарат беру

23-бап. Кредиттік бюроға ақпарат берудің жалпы шарттары

1. Осы Заңның 18-бабының 1) және 2) тармақшаларында көрсетілген ақпарат жеткізушілер осы Заңда көзделген заңды тұлғалар жөніндегі ақпаратты барлық заңды тұлғалар жөніндегі кредиттік бюроға, ал жеке тұлғалар, жеке кәсіпкерлер және шаруа қожалықтары жөніндегі ақпаратты жеке тұлғалар жөніндегі барлық кредиттік бюроға б е р у г е м і н д е т т і .

2. Осы Заңның 18-бабының 1) және 2) тармақшаларында көрсетілген ақпарат жеткізушілер кредиттік бюроға ақпаратты кредиттік тарих субъектісінің келісімі болған кезде міндетті түрде ұсынады.

Олардың кредиттік бюроға ақпарат беру және кредиттік есептерді алу шарттары кредиттік бюроға ақпарат беру және/немесе кредиттік есептерді алу туралы шарттарда а й қ ы н д а л а д ы .

3. Жылжымайтын мүлікке және онымен жасалатын мәмілелерге құқықтар тіркеуді жүзеге асыратын мемлекеттік кәсіпорындар кредиттік бюроға олармен жасалған кредиттік ақпарат беру туралы шарттар негізінде уәкілетті органның келісімі бойынша Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі айқындайтын тәртіппен және жағдайларда а қ п а р а т б е р е д і .

4. Кредиттік бюроға ақпарат электрондық тасымалдағышта ұсынылады. Қағазға басып шығарылған ақпаратты ұсынудың ерекше жағдайлары кредиттік бюроның ішкі құжаттарымен айқындалады.

24-бап. Кредиттік бюроға берілетін ақпарат

1. Кредиттік бюроға банктер, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар беретін ақпаратта мыналар болуы тиіс:

1) осы банктен немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымнан тұлға алған кредит бойынша борыш сомасы, сондай-ақ ол алған барлық кредиттер, шартты және ықтимал міндеттемелер бойынша борыштың жалпы сомасы;

2) кредиттерді, сондай-ақ шартты және ықтимал міндеттемелерді беру күні, өтеу күні (кесте бойынша және нақты);

3) уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісіне сәйкес міндеттемелерді (сейф жәшіктерінде, шкафтарда және банктың үй-жайында сақтауда тұрғандарды қоспағанда) орындауды қамтамасыз етудің болуы туралы ақпарат.

2. Осы баптың 1-тармағының талаптарына сәйкес заңды тұлға - кредиттік тарих субъектісі туралы берілген ақпаратта атауы ұйымдық-құқықтық нысаны, орналасқан жері, заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркелген нөмірі және күні, салық төлеушінің тіркеу нөмірі, бірінші басшыларының аты-жөні және олардың салық төлеушінің тіркеу нөмірлері көрсетілуі тиіс.

3. Осы баптың 1-тармағының талаптарына сәйкес жеке тұлға - кредиттік тарих субъектісі туралы берілген ақпаратта аты-жөні, туған күні, айы, жылы, тұрғылықты жері, жеке басын куәландыратын құжаттың атауы мен деректемелері, салық төлеушінің тіркеу нөмірі көрсетілуі тиіс.

4. Кредиттік бюроға тауарлар мен қызмет көрсетулерді кредитке сататын, не төлемдердің мерзімін ұзартатын заңды тұлға немесе жеке кәсіпкер ұсынатын ақпаратта мынадай мәліметтер болуы тиіс:

1) кредит, сондай-ақ кредитке алынған барлық тауарлар мен қызмет көрсетулер бойынша борыш сомасы;

2) кредиттерді беру күні, өтеу күні (кесте бойынша және нақты);

3) уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісіне сәйкес міндеттемелерді орындауды қамтамасыз етудің болуы туралы ақпарат.

5. Кредиттік бюроға жылжымайтын мүлікке және онымен жасалатын мәмілелерге құқықтар тіркеуді жүзеге асыратын мемлекеттік кәсіпорындар ұсынатын ақпаратта мынадай мәліметтер болуы тиіс:

1) жеке тұлғалар үшін - аты-жөнін, туған күнін, айын, жылын, тұрғылықты жерін, жеке басын куәландыратын құжаттың атауы мен деректемелерін, салық төлеушінің тіркеу нөмірін, меншік құқығын және басқа құқықтарды, сондай-ақ жылжымайтын мүлік ауыртпалығын көрсету;

2) заңды тұлғалар үшін - заңды тұлғаның атауы, орналасқан жері, мемлекеттік тіркелген нөмірі және күні, оның ұжымдық-құқықтық нысаны, салық төлеушінің тіркеу нөмірі, банктік деректемелері, меншік құқығын және басқа құқықтарды, сондай-ақ жылжымайтын мүлікке ауыртпалық туралы мәліметтер.

25-бап. Кредиттік тарих субъектісінің ақпарат беруге және кредиттік есеп беруге келісімін ресімдеу

1. Кредиттік тарих субъектісінің кредиттік бюроға ол туралы кредиттік ақпарат беруге және/немесе кредиттік есеп алушыға кредиттік есеп беруге келісімі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінің талаптарына сәйкес жазбаша түрде ресімделеді.

2. Жеке тұлғаның - кредиттік ақпарат субъектісінің келісімін Қазақстан Республикасының заңдарында сәйкес ресімделген сенімхат негізінде әрекет ететін сенім білдірілген тұлға ресімдеуі мүмкін.

26-бап. Кредиттік ақпаратты және кредиттік есептерді пайдалану мақсаттары

1. Кредиттік есепті алушылар кредиттік бюро жүйесіндегі ақпаратты:

1) кредиттер беру, мониторинг және кредиттердің мерзімін ұзарту кезінде тәуекелдерді бағалау;

2) кредиттік шарттардың талаптары өзгерген кезде тәуекелдерді бағалау;

3) мерзімі ұзартылған төлемдермен өзге де мәмілелер бойынша тәуекелдерді бағалау;

4) кредиттік есептегі ақпараттың дұрыстығын растау мақсатында пайдалануы мүмкін.

2. Кредиттік бюро ақпарат жеткізушілерден олар маркетингтік және статистикалық зерттеулерді жүзеге асыру үшін алған мәліметтерді пайдалануға құқылы.

6-тарау. Кредиттік тарихты қалыптастыру жөніндегі қатынастар

27-бап. Ақпарат жеткізушілермен және кредиттік есептерді алушылармен жасалатын шарттар

1. Осы Заңның 18-бабының 1) және 2) тармақшаларында көрсетілген ақпарат жеткізушілер және осы Заңның 20-бабының 1) және 2) тармақшаларында көрсетілген кредиттік есепті алушылар кредиттік ақпарат беру және кредиттік есептерді алу жөніндегі өз міндеттемелерін орындау мақсатында барлық кредиттік бюромен кредиттік ақпарат беру және/немесе кредиттік есептерді алу туралы шарттар жасауға міндетті.

2. Кредиттік ақпарат беру және/немесе кредиттік есептер алу туралы шартта мынадай талаптар болуы тиіс:

1) тараптардың толық атауы, олардың орналасқан жері, банктік деректемелері және шарттың мәні туралы ақпарат;

2) шарттың қолданылу мерзімі, оны өзгерту, тоқтату және біржақты тәртіппен бұзу негіздемелері мен тәртібі;

3) кредиттік тарих субъектісінің кредиттік бюроға ол туралы кредиттік ақпарат беруге келісімін алудың және/немесе кредиттік тарих субъектісінің кредиттік есеп алушыға ол туралы кредиттік есеп беруге келісімін алудың міндеттілігі туралы;

4) кредиттік тарихты қалыптастыратын ақпараттың түрлері, көлемі, мерзімі (кезенділігі) және беру тәртібі және шарт тараптары көрсететін қызметтерге ақы төлеу шарттары;

5) кредиттік бюроның берілетін ақпаратты тек осы Заңда көрсетілген мақсаттарға сәйкес пайдалану туралы міндеттемесі;

6) кредиттік бюроның барлық алынатын ақпаратқа қатысты құпиялылық режимді сақтау және оны тек осы Заңда көзделген негіздемелерде, шарттарда және тәртіппен ашу туралы міндеттемесі;

7) кредиттік есептердегі және оларды алу тәртібіндегі ақпараттың көлемі;

8) кредиттік есептерді алушының кредиттік есептегі ақпаратты жарияламау туралы міндеттемесі;

9) ақпарат жеткізушінің кредиттік бюроға шынайы емес ақпарат берген жағдайдағы жауапкершілігін қоса алғанда тараптардың жауапкершілігі.

28-бап. Кредиттік есепті алушы ретінде кредиттік бюрода тіркеу

1. Осы Заңның 20-бабының 1-тармағының 1), 2) тармақшаларында көрсетілген тұлғаларды кредиттік бюрода тіркеу және кредиттік бюрода тіркелген тұлғалардың тізілімін жүргізу тәртібі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес жүзеге асырылады.

2. Кредиттік бюрода тіркелу үшін осы Заңның 20-бабының 1-тармағының 1), 2) тармақшаларында көрсетілген тұлғалар мынадай құжаттар ұсынады:

1) кредиттік бюрода тіркеу туралы өтініш;

2) уәкілетті органның лицензияланатын қызмет түрлерін жүзеге асыруға беретін лицензияларының нотариат куәландырған көшірмелері (лицензияланатын қызмет түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар үшін);

3) заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің көшірмесі;

4) уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген көлемде және нысан бойынша кредиттік бюроға сұратуларды жүзеге асыруға уәкілетті тұлғалардың аты-жөні және лауазымы туралы ақпарат. Қажет болған жағдайда көрсетілген ақпарат осы тұлғалардың электрондық сандық қол қоюымен куәландырылады.

29-бап. Кредиттік есеп беру

1. Кредиттік есепті беруге мыналар негіздеме болып табылады:

1) кредиттік тарих субъектісінің ол туралы кредиттік есеп беруге келісімінің болуы;

2) кредиттік есепті алушының осы Заң талаптарына сәйкес болуы;

3) кредиттік тарих субъектісінің уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінің талаптарына сәйкес келетін кредиттік есеп беруге келісімінің болуы туралы растаулармен кредиттік есеп алушының сұратуы.

2. Кредиттік бюро кредиттік есептер беру туралы сұратулардың есебін және берілген кредиттердің есебін уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде көзделген тәртіппен жүргізеді.

3. Сұратуды алушының атынан оның сұратуды кредиттік бюроға беруге жауапты арнайы уәкілетті лауазымды тұлғасы береді, ол туралы ақпарат кредиттік бюро алушылардың тізілімінде бар.

4. Кредиттік бюро кредиттік тарих субъектісіне кредиттік есеп беруді уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінің талаптарына сәйкес ресімделген оның жазбаша сұратуы негізінде жүзеге асырады.

5. Кредиттік есепте кредиттік тарих субъектісі үшін берілген күнін, алушылардың атаулары мен деректемелерін көрсете отырып, осы субъектінің кредиттік тарихы бойынша кредиттік есептер берудің барлық, бұрын орын алған фактілері туралы ақпарат болуы тиіс.

6. Кредиттік бюро кредиттік есеп беру кезінде барлық ақпарат жеткізушілердің атауын және кредиттік бюроның осы ақпаратты алған күнін көрсетуге міндетті.

7. Кредиттік есеп беру осы Заңда және уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде көзделген негіздемелерде, талаптарда және тәртіппен жүзеге асырылады.

8. Кредиттік бюро ақпаратты жеткізушіден алынған ақпарат бұрмалағаны үшін Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жауапкершілік атқарады.

30-бап. Кредиттік ақпаратты және кредиттік есептерді беру бойынша қызмет көрсетулерге ақы төлеу

Ақпарат жеткізушілер және кредиттік бюро көрсететін қызмет үшін мөлшері және өндіріп алу тәртібі оның ішкі ережелеріне сәйкес айқындалатын ақы төлеу белгіленеді.

7-тарау. Қорытынды ережелер

31-бап. Қазақстан Республикасының кредиттік бюро және кредиттік тарихты қалыптастыру туралы заңдарын бұзғаны үшін жауапкершілік

Қазақстан Республикасының кредиттік бюро және кредиттік тарихты қалыптастыру туралы заңдарын бұзғаны үшін кінәлі тұлғалар Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жауапкершілік атқарады.

32-бап. Осы Заңды қолданысқа енгізу тәртібі

Осы Заң 2004 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК